

Бекітілді: _____

Келісемін: _____

Қаралды: _____

Мектеп директоры: Серикова Г.Б

Директордың ОІЖ орынбасары: Тлепова Ш.

Мектепалды сыныбы және шағын орталық
әдістемелік бірлестік жетекшісі: Уташова Г.И

Хаттама №1

« 29 » 08 2022 ж

№ 9 жалпы орта білім беретін мектептің мектепалды сыныптарына 2022-2023 оқу жылына жасақталған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Мектепалды «Б» сыныбы
Тәрбиешісі: Балғалиева А.А.

2022 - 2023 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) бекітілді [1]. Аталған Модельді іске асыру асыру әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті жетілдіру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын трансформациялауға бағытталған.

Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) [2], Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары [3] және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) [4] мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жүзеге асыру үшін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына әдістемелік нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) [5] әзірленді. Сонымен қатар Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары әзірленді [6].

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды даярлық сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы» [8], «Педагог мәртебесі туралы» [9] Заңдары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі [1], Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы [10] негізінде әзірленген.

Әдістемелік-нұсқау хат 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсету үшін меншік түріне, 5 нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, әдіскерлеріне, педагогтеріне және мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларына, мектепалды сыныптарының педагогтеріне арналған, ол:

- мектепке дейінгі ұйымдарда және жалпы білім беретін мектептерде, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарды;
- тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін;
- мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласы педагогтерінің негізгі міндеттерін;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын меңгерту бойынша мониторингті қамтиды.

Әдістемелік нұсқау хатта негізгі міндеттер белгіленген:

- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы үйрету;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту

ТӘРБИЕШІНІҢ ЖҮКТЕМЕСІ

ТОП ПӘН	Мектепалды «Б» сыныбы	САҒАТ САНЫ
------------	-----------------------	------------

Мектепалды сыныбының ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ 2022-2023оқу жылы

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/Балалар әрекеті	Аптасына өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы ҰІӨ саны (ұйымдастырылған іс - әрекеті)
1.	Дене шынықтыру		3 сағат	99
	Дене шынықтыру**	күнсайын		
2.	Сөйлеуді дамыту		2 сағат	66
	Көркемәдебиет		2 сағат	66
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күнсайын		
	Қазақ тілі		2сағат	66
	Қазақ тілі ***	күнсайын		
3.	Сауат ашудегіздері		3 сағат	99
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын		
4.	Математика негіздері		3 сағат	99
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын		
5.	Қоршаған орта ментаныстыру		2 сағат	66
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын		
6.	Сурет салу		1 сағат	33
	Мүсіндеу			
	Жапсыру			
	Құрастыру			
7.	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын		
	Музыка		2 сағат	68
	Музыка****	күн сайын		
8.	Барлығы		20сағат	660
	Ұйымдастырылған іс – әрекетінің ұзақтығы	25-30 минут		

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 [бұйрығымен](#) бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағыты нескере отырып, балалардың қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлыққа ғидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері нескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетіндетәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлері мен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктері нескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, әнайту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінеді.

ТӘРБИЕШІНІҢ КҮНТІЗБЕСІ
Ай және тоқсан бойынша оқу күні және апта саны

I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	Барлығы	Жыл бойы
8 апта	8 апта	9 апта	8 апта	33	33

ДЕМАЛЫСТАР

КҮЗГІ	31.10.22-06.11.22
ҚЫСҚЫ	31.12.22-06.01.23
КӨКТЕМГІ	18.03.23-26.03.23
ҚОСЫМША	06.02.23-12.02.23
ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ	31.05.2023

Мектепалды «Б» сыныбының күн реттелімі

Күн реттелімінің мазмұны	Уақыты (сағат, мин)
«Сәлеметсіңдер ме, балалар»	
Балаларды қабылдау, тексеру, ойындар, көңіл-күй көтеру.	13 ³⁰ -13 ⁴⁰
Ата-аналармен пікірлесу	13 ⁴⁰ -13 ⁵⁰
Ойындар (үстел үсті, дидактикалық, саусақ ойындары) т.б	
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	13 ⁵⁰ -14 ⁰⁰
Ұйымдастырылған оқу қызметтері	14 ⁰⁰ -14 ³⁰
	14 ⁴⁰ -15 ¹⁰
	15 ²⁰ -15 ⁵⁰
	16 ⁰⁰ -16 ³⁰
«Табиғат аясында»	
Серуенге дайындық.	16 ⁴⁰ -17 ¹⁰
Серуен.	17 ¹⁰ -17 ³⁰
Табиғатпен таныстыру, ойындар, еңбек.	
Серуеннен оралу	17 ³⁰ -17 ⁴⁰
Ойындар (үстел үсті, дидактикалық, саусақ ойындары) т.б	17 ⁴⁰ -18 ⁰⁰
«Ертеңге дейін...»	
Балалармен, ата-аналармен, қарым-қатынас.	18 ⁰⁰ -18 ³⁰
Балалардың үйге қайтуы.	

«Бекітілді»

Мектеп директоры: _____ Серикова Г.Б

№ 9 жалпы орта білім беретін мектептің мектепалды сыныптарының 2022-2023оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі

Тәрбиеші : Балғалиева Ардак Амандыковна

Апта күндері	Аптасына өткізу жиілігі		Уақыты	Ұйымдастырылған іс-әрекет
Дүйсенбі	Күн сайын	1с	14:00 – 14:25	Математика негіздері
		1с	14:35 – 15:00	Сөйлеуді дамыту
		1с	15:10 – 15:35	Қоршаған ортамен таныстыру
		1с	15:45 – 16:15	Дене шынықтыру
Сейсенбі	Күн сайын	1с	14:00 – 14:25	Математика негіздері
		1с	14:35 – 15:00	Көркем әдебиет
		1с	15:10 – 15:35	Сауат ашу негіздері
		1с	15:45 – 16:15	Музыка
Сәрсенбі	Күн сайын	1с	14:00 – 14:25	Сауат ашу негіздері
		1с	14:35 – 15:00	Қоршаған ортамен таныстыру
		1с	15:10 – 15:35	Қазақ тілі
		1с	15:45 – 16:15	Дене шынықтыру
Бейсенбі	Күн сайын	1с	14:00 – 14:25	Математика негіздері
		1с	14:35 – 15:00	Сөйлеуді дамыту
		1с	15:10 – 15:35	Көркем әдебиет
		1с	15:45 – 16:15	Музыка
Жұма	Күн сайын	1с	14:00 – 14:25	Сауат ашу негіздері
		1с	14:35 – 15:00	Қазақ тілі
		1с	15:10 – 15:35	Шығармашылық бейнелеу әрекеті Сурет салу-0,25 Құрастыру-0,25 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25
		1с	15:45 – 16:15	Дене шынықтыру

Апталық жүктеме – 20 сағат

Ұйымдастырылған іс-әрекет ұзақтығы - 20-25 минут

Үзіліс ұзақтығы – 10 минут

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Сынып: Мектепалды « Б »

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚЫРКҮЙЕК	Дене шынықтыру	Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; Спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту; дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру, сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру; Жүру:сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; Белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру;ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; Жүгіру: шашырап, жұпшен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру үйрету; Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою; Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру;
	Сөйлеуді дамыту	Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру; Өңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету; Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен,заттардың қасиеттері олардың еңбекке қатынасын білдіретін түсіндіру; Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдап қолдануға үйрету;

Көркем әдебиет	Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру; Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну; Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен кітапқа деген қызығушылығын дамыту;
Қазақ тілі	Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту; Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру; Тілдік және артикуляциялық жаттығуды, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту арқылы білімдерін жетілдеру; Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету;
Сауат ашу негіздері	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу; Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну; Сөйлемді ауызша талдау, жай сөйлемдерді сөздерге бөлуге дағдыландыру; Сауат ашудың алғы шарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау, жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру;
Математика негіздері	Танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру; Геометриялық фигураларды (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) дұрыс атап, оларды ажырата білуге үйрету; Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру; (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде) Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету; Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру;
Қоршаған ортамен таныстыру	Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету;

	Табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу; Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу; Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу; Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу;
Сурет салу	Балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру .Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу;
Мүсіндеу	Балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту. Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу;
Жапсыру	Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Жапсырудың түрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану, түрлі материалдардан жапсыру.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру баулу;
Музыка	Балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру; музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу; Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық,халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру;

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАЗАН	Дене шынықтыру	Дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту; Балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу; Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу; Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру; Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту; Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру; Белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру; Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы кадаммен, аяқтың ұшымен жүру;
	Сөйлеуді дамыту	Балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу; Айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету; Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г-ғ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету; Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау; Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру; Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу;
	Көркем әдебиет	Тілдің көркемдігін сезіну шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау; Диалогтік сөйлеуді дамыту; Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну;

Қазақ тілі	Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға дамыту; Ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу; Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру;
Сауат ашу негіздері	Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу; Сөздерді дыбыстық талдау, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау; Көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау;
Математика негіздері	10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру; Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы,қолданылуы) салыстыра білуге үйрету; Беттестіру, тұтастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолданаотырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу; Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау; Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа,оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа;
Қоршаған ортамен таныстыру	Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу; Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту; Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердіңқозғалыс ережелерін сақтау; Жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру(«Автобус»,«Жаяу жүргіншілер жолы аялдамасы»); Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту;

	Сурет салу	-Бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу. Түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.
	Мүсіндеу	Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру;
	Жапсыру	Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.
	Құрастыру	Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру;
	Музыка	Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету; Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту; Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру;

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАРАША	Дене шынықтыру	Спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту; Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; Дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту; Заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алғақарай жүру. скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру; Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру; Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу; Оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру;
	Сөйлеуді дамыту	Коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; Әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту; Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз к-қ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету; Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау; Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту; Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту;

Көркем әдебиет	Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту; Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау; Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару;
Қазақ тілі	Ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру; Қазақ тілінде фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы); Азық-түлік атауларын(бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздермен толықтыру;
Сауат ашу негіздері	Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап орындауға үйрету; Берілген сөзге сөйлем құрастыру; Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау; Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау;
Математика негіздері	10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару; Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау; Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру; Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану;
Қоршаған ортамен таныстыру	Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау; Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау; Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау; Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу; Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сұртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға баулу;

	Сурет салу	Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру; Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру,
	Мүсіндеу	Ойыншықтарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беріп , пішіндерін мүсіндеу.
	Жапсыру	Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.
	Құрастыру	Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту;
	Музыка	Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақмузыка өнерінің шығармаларымен таныстыру; Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән,күй,марш,би)үйрету; Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды,музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру;

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ЖЕЛТОҚСАН	Дене шынықтыру	Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру; Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру; Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; Ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы кадаммен, аяқтың ұшымен жүру; Жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа жүгіру; Тұрған орнында айналып секіру, биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру; Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр); Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу; Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу.
	Сөйлеуді дамыту	Балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен көрнекі материалдарды таңдау дағдысын дамыту; Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз ж-ш дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету; Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу; Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру; Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру;
	Көркем әдебиет	Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу; Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу; Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту;

Қазақ тілі	Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу; Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып айта білуге дамыту; Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік бер;
Сауат ашу негіздері	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу; Сөйлемді ауызша талдауға үйрету; Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету; Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау;
Математика негіздері	Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру; Беттестіру, тұтастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу; Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнынкөрсете білуге үйрету; Геометриялық денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру; Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау;
Қоршаған ортамен таныстыру	Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту; Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту; «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу; Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну; Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну; Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату;
Сурет салу	Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың

		бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау;
	Мүсіндеу	Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану;
	Жапсыру	Сюжеттік жапсыруда пропорцияларын беру сәйкес бейнелерді құрастыру;
	Құрастыру	Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану;
	Музыка	Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар, шығармаларымен таныстыру; Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдауға үйрету; Әннің(шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білуге үйрету;

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАҢТАР	Дене шынықтыру	Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; Қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екіқолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды); Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр); Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу; Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу;
	Сөйлеуді дамыту	Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссызт 3-с дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету; Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау; Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану:дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу; Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдердіқолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу; Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану; Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығарып айтуға үйрету;
	Көркем әдебиет	Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну; Тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образдысөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау; Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу,айтыс өнеріне баулу;

Қазақ тілі	Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға дағдыландыру; Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру; Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп)сөздермен сөздік қорларын толықтыру;
Сауат ашу негіздері	Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Сөйлем ұғымымен таныстыру,сөйлем сөздерден тұратыны туралы дағдыларын жетілдеру. Сөйлемді ауызша талдау,жай сөйлемдерді сөздерге бөлу дағдысын дамыту; Геометриялық фигуралардың, дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу;
Математика негіздері	Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау; Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру; Беттестіру, тұтастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру; Күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау;
Қоршаған ортамен таныстыру	Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру; Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату, олардың өсуі және көбеюі туралы түсінік беру; Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білуге үйрету; Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу; Адамдардың еңбектерін құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау; Еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;

	Сурет салу	Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру, бояуларды үйлестіру өз жұмысының нәтижелерін бағалау; Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде);
	Мүсіндеу	Адамның бейнесін дұрыс мүсіндеу.
	Жапсыру	Әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу сәйкес бейнелерді құрастыру;
	Құрастыру	Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру;
	Музыка	Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру; Ән айту дағдыларын қалыптастыру, жеңіл дауыспен ән айтуды қалыптастыру; Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту;

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
АҚПАН	Дене шынықтыру	Балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға жағдайлар жасау; Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шанамен сырғанауға баулу; Ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып секіру; Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды:бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді,екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); Гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет); Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет), қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту; Спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу;
	Сөйлеуді дамыту	Балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу; Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз н-ң дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету; Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау; Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып,сөйлегенде қолдана білуді дамыту; Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу;
	Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыруды дамыту; Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру; Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға дағдыландыру;
	Қазақ тілі	Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу; Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету баулу; Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс

		айтуға дағдыландыру;
	Сауат ашу негіздері	Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру; Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау; Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау, жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету;
	Математика негіздері	Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру; 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру; Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа; Циферблат бойынша уақытты анықтау; Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу;
	Қоршаған ортамен таныстыру	Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату; Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттап үйрету; Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады, қоректенеді, өсуі және көбейу туралы түсінік беру; Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: мекендеу орны, табиғи-климаттық аймақтары бойынша топтастыра білуге үйрету; Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау;
	Сурет салу	Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану. Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу;

	Мүсіндеу	Жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу;
	Жапсыру	Жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу;
	Құрастыру	Табиғи және қалдық заттардан құрастыруға баулу;
	Музыка	Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету; Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру; Би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындауға үйрету;

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
НАУРЫЗ	Дене шынықтыру	Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өзбетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру жаттығуын орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту; Ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау; Гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен жүгіру; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, басынан асыра лақтыру; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға асықты лақтыру; Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту;
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру; Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру; Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу; Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру, ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, әңгімелеп құрастыруға үйрету;
	Көркем әдебиет	Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту; Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау; Сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу;
	Қазақ тілі	Мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға) сөздермен сөздік қорларын толықтыру; Егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен сөздік қорларын толықтыру;

		Балаларға ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға үйрету; Берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу;
	Сауат ашу негіздері	Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Сөйлемді ауызша талдауға дағдыландыру; Берілген сөзге сөйлем құрастыру; Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету;
	Математика негіздері	Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру; Беттестіру, тұтастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу; Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту; Апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту;
	Қоршаған ортамен таныстыру	Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге үйрету; Еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу; Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнауға баулу; Мемлекеттік мерекелердің Наурыз мейрамы ұлттық мерекенің маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу; Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту;
	Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің түрлері туралы түсінігін кеңейту; өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту;
	Мүсіндеу	Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын, зергерлік бұйымдарымен және оларды ою-өрнектермен бетіне бедерлер жасауды үйрету;

	Жапсыру	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен ,киіз үйдің жабдықтарымен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру;
	Құрастыру	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу;
	Музыка	Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке жәнешағын топпен орындауға үйрету; Музыкалық және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру; Қазақ халқының би өнерімен таныстыру қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету;

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
СӘУІР	Дене шынықтыру	Дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту; Заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру; Гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу; Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр); Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру; Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу, қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою; Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды); Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту; Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу;
	Сөйлеуді дамыту	Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету; Бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану; Өңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуға баулу; Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу; Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру;
	Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру; Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, диалогтік сөйлеуді дамыту; Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару;
	Қазақ тілі	Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету;

	Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізуді үйрету; Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу; Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту;
Сауат ашу негіздері	Дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу қабілетін дамыту; Өртүрлі бағыттағы сызықтарды, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру; Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап жазу дағдыларының қабілетін дамыту; Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру;
Математика негіздері	Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану; Зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп -салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту; Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату; Жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру;
Қоршаған ортамен таныстыру	Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау; Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу; Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту;
Сурет салу	Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру;

	Мүсіндеу	Біртекті заттардан сюжеттер құру, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу көмегімен көркемдеп жеткізу;
	Жапсыру	Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару;
	Құрастыру	Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыруға үйрету;
	Музыка	Ән айту дағдыларын дамыту, әннің сөздерін анық айтуға жаттықтыру; Өртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу; Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру;

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
МАМЫР	Дене шынықтыру	Балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау; 100-120 метр арақашықтықта жүгіру, белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру; Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр); Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру; Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды); Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет), аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту; Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу; Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу;
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу; Балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау; Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу; Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру; Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білуді дамыту; Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану;
	Көркем әдебиет	Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу; Қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау; Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру; Балалардың кітапқа деген қызығушылығын дамыту;

Қазақ тілі	Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру; Суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу; Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу;
Сауат ашу негіздері	Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру; Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау; Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету; Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету;
Математика негіздері	«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру; Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту; Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; Математикалық және интеллектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету;
Қоршаған ортамен таныстыру	Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін үйрету; Экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау; Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу; Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу; Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау; Табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу;
Сурет салу	Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.

	Мүсіндеу	Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау;
	Жапсыру	Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді жапсыру. Қайшыны қолдануды бекіту;
	Құрастыру	Өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту;
	Музыка	Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындау дағдысын жетілдіру; Балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу; Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу;

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
3-қосымша

Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)

Ескерту. Бұйрық 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 19.11.2014 № 479 (алғашқы жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 № 394 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Рет№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	

	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	

	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы		20 сағат Жүктеу

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 [бұйрығымен](#) бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт